

Ленинск қаласында және Солтүстік Қазақстан облысында ішкі істер Министрлігі мен Әділет министрлігінің органдарын құру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 29 қаңтар 1993 ж. N 77

Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүдделерін қамтамасыз ету, республика азаматтарының хұқықтарын, бостандығы мен мүдделерін қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Мыналар:

- Қызылорда облысының Ленинск қаласында Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ішкі істер бөлімі, әскерилендірілген өрт күзетінің мамандандырылған бөлімі және Әділет министрлігінің әділет бөлімі;

- Солтүстік Қазақстан облысының Петропавл стансасында Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің көліктегі Тың ішкі істер басқармасының ішкі істер жол бөлімі құрылсын.

Құрылатын ішкі істер бөлімі, әскерилендірілген өрт күзетінің мамандандырылған бөлімі және әділет бөлімі тиісінше Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі мен Әділет министрлігіне бағынады деп белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі республикалық бюджеттен:

- Ленинск қаласында штат саны 119 адам ішкі істер бөлімін;

- Ленинск қаласында штат саны 169 адам әскерилендірілген өрт күзетінің мамандандырылған бөлімін;

- Ленинск қаласында штат саны 8 адам әділет бөлімін;

- Солтүстік Қазақстан облысының Петропавл стансасында штат саны 144 адам ішкі істер жол бөлімін ұстауға арнап қаржы бөлсін.

3. Ленинск қалалық әкімшілігінің әкіміне штат саны 155 адам ішкі істер бөлімін ұстауға бюджеттен қаржы қарастырылуы ұсынылсын.

4. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, "Қазконтракт" республикалық контракт корпорациясы" акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі мен Әділет министрлігінің өтінімдері бойынша қажетті мөлшерде материалдық-техникалық және көлік құралдарын бөлсін.

5. Ленинск қаласы мен Солтүстік Қазақстан облысының әкімдері қажетті қызметтік үй-жайлар бөліп, құрылатын органдардың қызметін қамтамасыз ету үшін 1993 жылы қосымша қаражат көздейтін болсын.

6. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Ресей Федерациясының Ішкі істер министрлігінің келісуі бойынша 1993 жылғы 1 ақпанға дейін Ресей Федерациясының Ішкі істер министрлігі ішкі істер органдарының қарауында болған

үйлерді, ғимараттарды, техниканы, қару-жарақты, басқа да мүлікті қабылдап алуды жүзеге асырсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК